

**ҚазҰТЗУ, жобалық менеджерлерді кәсіби сертификаттау Орталығы
келесідей бос орынды хабарлайды:**

Лауазым атауы: Атқарушы директор

Департамент: Жобалық менеджерлерді кәсіби сертификаттау Орталығы
(ЖМКСО)

Тікелей басшы: Жобаларды басқару Институтының директоры

Лауазым түйіндемесі:

- Атқарушы директор Жобаларды басқару Институтының директорына бағына отырып, Орталық жұмысының үйлесімділігі мен ұйымдастырылуына жауапты және оның қаржылық тиімділігін қамтамасыз етуде ортақ жауапкершілікке ие.

Негізгі міндеттер мен жауапкершілік:

- Орталыққа басшылық ету күнделікті қызметінде: ЖМКСО қызметінің ағымдағы және әлеуетті жоспарлауда мақсат, міндет және бағыттарды ескере отырып ұйымдастыру, жоспарлы тапсырмалардың орындалуын бақылауды қамтамасыз ету, оқу-әдістемелік құжаттаманы әзірлеу үшін қажетті оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуы бойынша үйретушілер мен басқа да педагогикалық қызметкерлер жұмыстарын үйлестіру;
 - Орталықтың әкімшілік персоналы мен тренерлер жұмысына басшылық ету;
- Жоғарғы буын басшыларына арналған PMI® сертификаттауына және басшылық кадрлар үшін жобаларды басқару бойынша Магистратура бағдарламаларына білім алушыларды жинау. Білім алушылар контингентін жинақтауға қатысады және олардың сақталуы үшін шаралар қолдану, оқу сабақтарының кестесін және оқушылар қызметінің басқа да түрлерін құрастыруға қатысу;
- Оқу үдерісін жетілдіру мен оқыту орталығын басқару бойынша ұсыныстарын енгізу. ЖМКСО-да олардың біліктілігі мен кәсіби шеберлігін жоғарылатуға (ҚазҰТЗУ басшылығының оң шешімімен), педагогикалық және басқа да кадрларды жинақтау мен орналастыруға қатысу;
- Орталықтың оқу бағдарламаларының қаржылық тиімділігін қамтамасыз ету;
 - Серіктестіктер, байланыстар мен тиімді корпоративтік ара-қатынастарды қолдау мен орнату;
 - Корпоративтік серіктестермен біріге отырып, қажеттілік бойынша бағдарламаларды әзірлеу;

- РМІ ® талаптарына сәйкес, оқу үдерістерінің сапасын, білім алушылардың оқу және оқудан тыс жұмыстарының нәтиже бағасының объективтілігін, білім алушылардың даярлық деңгейін бақылауды қамтамасыз ету.
- ЖМКСО білім беру жұмыс бағдарламаларын әзірлеуге жағдайлар жасау;
- Педагогикалық қызметкерлерге инновациялық бағдарламалар мен технологияларды әзірлеу мен меңгеруде көмек көрсету;
- Емтихандарды әзірлеу мен жүргізу жұмыстарын және әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру;
- Білім алушылардың оқу жүктемесін бақылауды жүзеге асыру;
- Орталықтың педагогикалық және басқа да қызметкерлеріне аттестацияны әзірлеу мен жүргізуге қатысу;
- Бекітілген есепті құжаттамаларды уақытылы құрастыруды қамтамасыз ету;
- Орталықтың оқу-материалдық базасын дамыту мен нығайтуды дамытуға, кабинеттерді заманауи жабдықтармен, оқытудың техникалық құралдарымен қамтамасыз етуге, жабдықтар мен құралдардың сақталымдылығын қамтамасыз етуге, кітапханалар мен әдістемелік кабинеттерді оқу-әдістемелік әдебиетпен, мезгілді баспалармен, толықтыру және жарақтандыруға, сондай-ақ, оқу үдерісінің әдістемелік қамтамасыз етуге қатысады.
- ЖМКСО-дағы қызметкерлер мен білім алушылар үшін қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз ету бойынша шараларды қолдану;
- Еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі бойынша ережелерді орындау;
- Қажет болған жағдайда ішкі және сыртқы іс-шараларда Орталық мен ҚазҰТЗУ өкілі қызметін атқару;
- Орталық бағдарламаларына қатысты аккредитация мен сапаны қамтамасыз ету мәселелерін шешу;
- Орталықтың барлық құжаттамаларын уақытылы енгізуді қамтамасыз ету;
- Басшының бұйрықтары бойынша басқа да міндеттемелер.

Минималды біліктілік талаптары:

Мамандық бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі, оқу бағдарламаларын басқаруда (не жобалық менеджер қызметіндегі жұмыс өтілі) 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі, адалдық, ұқыптылық, жоғарғы сапаға деген бейімділік, көшбасшылық қабілеттер, мемлекеттік және жеке сектор өкілдерімен серіктестікте жұмыс өтілінің болуы, Жобаларды басқаруда магистр дәрежесі, қазақ, ағылшын, орыс тілдерін еркін меңгеру, іссапарларға бару мүмкіндіктері.

Артықшылығы бар біліктілік талаптары: Жобаларды басқаруда магистр дәрежесінің болуы (MBA, MSc)

Қажетті құжаттар тізімі:

Қалаулы еңбекақысы көрсетілген бекітілген (түйіндемемен) ілеспе хат

2- ұсыныс хат

Қызығушылық танытқан тұлғалар 2017 жылдың 20 шілде айына дейін жауап қайтаруына болады.

Аталмыш бос орын жөнінде сұрақтарыңыз бойынша Жобаларды басқару институтының директоры Салықова Л.Н.- ға келесі нөмірлер арқылы хабарласа аласыздар: +77272920608 (7454) не электронды пошта арқылы: l.salykova@kaznitu.kz , l.n.salykova@rgu.ac.uk